Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің міндеттерінде педагогтердің деңгейінде және білім беру ұйымдарының деңгейінде мектепке дейінгі ұйымдардың күнделікті жұмысында зерттеу жұмысының мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі айтылған (Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі, 2021). Жоғарыда келтірілген барлық білім беру саласындағы нормативтік құжаттардың мазмұнынан болашақ педагогтердің ғылыми коммуникациялық дағдыларын дамытудың өзектілігі айқындалады.

Бүгінгі таңда ғылыми коммуникация жаһандық сипатқа ие болды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен 2023 жылғы 22 маусымдағы «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» тақырыбындағы Ұлттық құрылтайда: «Қазақ тілін нағыз ғылым мен білімнің тілі етуге тиіспіз» деп атап өтті (Ұлттық құрылтай, 2023). Қай заманда да мемлекет атаулының қуаты ғылым мен білімге сүйенді. Ғылым өзара талқы, коммуникация арқылы дамиды. Ал ғылымдағы коммуникацияның ең тиімді жолы – мәтін. Ғылым жолына түскен әр ізденуші ғылыми дәрежесіне және мамандығына сай ғылыми коммуникациялық дағдыларды меңгеріп шығуына


cc BY NC

жағдай жасалуы қажет. Себебі, үшінші мыңжылдықтағы жаңа технологиялар тасқыны ғылыми-техникалық прогресс, ақпарат таратудағы жаңа көздер, қашықтық пен уақыт кедергісін жеңетін жаңа техника түрлерін ойлап табудың жоғары деңгейінде келеді. Осымен байланысты ауызша коммуникацияның жетілген технологиясы бүгінгі кезеңінде жазудың адамзат өркениеті үшін атқарар қызметі зор. Бүгінгі таңда ғылыми коммуникация жаһандық сипатқа ие болды. XXI ғасыр ғылымдағы коммуникация нысандары мен әдістеріне де, ғылыми педагогикалық кадрлар даярлаудың сипаты мен мазмұнына да өзгерістер енгізуде. Мектеп оқушысынан бастап ғылыми қызметкерлерге дейін халықаралық басылымдарда мақала жариялауға деген ұмтылысының күрт өсуі ғылыми коммуникациялық дағдыларды дамыту қажеттілігін көрсетуде. Осы орайда ғылым коммуникация мәселелерін зерттеп, оның жеке пән ретінде қалыптасуына үлес қосып жүрген бірталай отандық және шетел ғалымдарының жұмыстарына тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз.

Атап айтар болсақ, ағылшын ғалымы Роберт Баррас (Robert Barrass) жазудың маңыздылығын төмендегі үш күш айқындайтынын көрсетеді: жазу ойлауға (ойлануға) көмектеседі, жазу байқауға көмектеседі, жазу еске түсіруге (есте сақтауға) көмектеседі(Robert Barrass 2003). Ғылым мен білім беруді тоғыстыратын жазу процесінің күрделі түрінің бірі - ғылым коммуникация. Ғылыми коммуникация дағдыларын дамытуға ерекше назар аударған К. Хайланд (Hyland, 2004) ғылыми коммуникацияның кәсіби дамуға тигізетін әсерін талдай отырып, оның білім беру саласындағы маңыздылығын атап өтеді (Hyland, 2004).

Базерман (Bazerman, 2012) ғылыми коммуникацияның құрылымын зерттей отырып, ғылыми дискурстың дамуын талдайды. Ол жазу, мәтін және контекст арасындағы өзара байланыстарға ерекше назар аударады.Ол ғылыми коммуникацияны әлеуметтік әрекет ретінде қарастырады. Оның пікірінше, жазу — тек ақпарат жеткізу ғана емес, сонымен қатар ғылыми қауымдастықтың нормалары мен дәстүрлерін сақтай отырып, жаңа білім жасау процесі. Базерман ғылыми коммуникацияны тек грамматикалық немесе стилистикалық аспектілер тұрғысынан емес, ғылыми қауымдастықтың мәдениеті мен дискурсындағы құрал ретінде зерттейді (Bazerman, 2012). Академиялық жазылым мәселелерін өзінің зерттеулеріне арқау еткен Ресей ғалымы Ю.В. Рындина еңбегінде болашақ педагогтердің ғылыми коммуникациялық дағдыларын қалыптастыру мәселесіне назар аударылып, оның педагогикалық білім беру жүйесіндегі маңыздылығы негізделген. Бұл зерттеу біз қарастырып отырған ғылыми коммуникациялық дағдыларын дамыту мәселесімен тығыз байланысты, себебі ғылыми мәтін құрастыру, логикалық дәлелдемелер келтіру, зерттеу нәтижелерін сипаттау – зерттеу құзыреттілігінің басты көрсеткіштері болып табылады (Рындына, 2012).

Академиялық жазылым біздің елімізде 2020-2021 оқу жылы барлық жоғарғы оқу орындарына міндетті пәндік компонент ретінде енгізілуі, аталған мәселенің өзектілігін дәлелдейді.Қазақстанда академиялық жазылымның негізін қалаушылардың бірі Е.Т. Оспановтың 2018 жылы жоғары оқу

орындарының студенттеріне арналған оқу құралы жарық көрді. Автордың оқу құралында жазылым және оқылым әрекеттері, тақырып таңдау, ақпарат іздеу, сыни ойлау, плагиаттан сақтану жолдары, зерттеу әдістері, мәліметтерге талдау жасау, кіріспе, негізгі және қортынды бөлімді жазу сияқты академиялық жазылымның өзекті мәселелері қарастырылған (Оспанов, 2018).

2024 жылы Қазақстандық қоғамдық даму институты базасында «Академиялық мәтін жазу шеберханасы» атты кітап басылымнан шықты. Болашақ педагогтардың кәсіби қалыптасуына зор ықпал ететін нұсқаулық. Себебі, кітап мазмұнында академиялық мәтін жазудың негіздері түсіндірілген. Атап айтқанда, тақырыпты түсіну, ойталқы жасау және әдебиет таңдау талаптарынан бастап, академиялық стильге тән сөз саптау түріне дейін терең шолу жасалады. Мұнда ең алдымен академиялық мәтін жазудың басты принциптері мен негізгі техникалары қамтылған (Қазақстандық қоғамдық даму институты, 2024). Сонымен қоса авторлар кітаптың әр бөлімде мысалдар мен үлгілер, тапсырмалар беріп,кітаптың соңында оқырманның білімін толықтыруларына арналған пайдалы дереккөздер тізімін ұсынады.Ғылыми коммуникацияның басты мақсаттарының бірі - білім алушыны ғылыми ойлай алу мен ғылыми жаза алуға баулу.Ғылыми коммуникация арқылы білім алушылар өз ойларын біртіндеп шынайы ғылыми тілмен, жүйелі жеткізуді үйреніп,сыни ойлау және аргументация жасау дағдылары қалыптасады. Ғылыми коммуникация білім алушыны мәтіннің құрылымын, логикалық тұрғыдан жүйелі құрудан бастап,ғылыми мәтінді сауатты құрастыруға ынталандырып, зерттеушілік дағдысының қалыптасуына ықпал етеді.Ғалымдардың зерттеулері мектепке дейінгі ұйым педагогтерін кәсіби даярлауда академиялық жазылым дағдыларын дамытудың маңыздылығын анықтауда біздің зерттеуіміз үшін үлкен көмек болды.

Зерттеу барысында талданған ғылыми-әдістемелік еңбектерге сүйене отырып біз, ғылыми коммуникацияның келесі компоненттерін анықтадық.

Ғылыми коммуникацияның компоненттері:

Теориялық-методологиялық компонент – педагогикалық зерттеулердің әдіснамасын түсіну және ғылыми теорияларды меңгеру.

Операционалды-технологиялық компонент – зерттеу әдістерін қолдану, ғылыми ақпаратты жүйелеу және өңдеу дағдылары.

Құндылық-мағыналық компонент – ғылыми қызметке деген қызығушылық пен қажеттілікті қалыптастыру.

Эмоционалды-мотивациялық компонент – зерттеушілік жұмысқа деген тұрақты қызығушылықты дамыту.

Рефлексивті-бағалау компоненті – өзіндік зерттеу тәжірибесін бағалау, өз білімін үздіксіз жетілдіру.

Ғылыми коммуникациялық дағдылары осы компоненттердің барлығымен өзара байланыста дамиды. Мысалы, теориялық-методологиялық компонент ғылыми еңбектерді дұрыс құрылымдауды үйретсе, рефлексивті-бағалау компоненті өз жазбаларын талдап, жетілдіруге мүмкіндік береді.


cc BY NC

Ғылыми коммуникациялық дағдыларын қалыптастырудың негізгі кезеңдері:

Аналитикалық кезең.Бұл кезеңде студенттер ғылыми ақпаратты сараптай білу, деректерді талдау және зерттеу мәселелерін анықтау дағдыларын меңгереді.Академиялық жазу дағдыларын дамытуда бұл кезең ғылыми мәтіндерді түсіну және оларды құрылымдау қабілетін арттыруға бағытталады.

Құндылықтық кезең.Бұл кезеңде студенттер зерттеу мен ғылыми жазудың маңыздылығын түсінеді, өздерінің ғылыми ұстанымдарын қалыптастырады. Академиялық жазудың мотивациялық негізі осы кезеңде қаланады, студенттер өздерінің жазба мәдениетін дамытудың қажеттілігін ұғынады.

Жобалау кезеңі.Студенттер өздерінің зерттеулері мен ғылыми еңбектерін құрастыруға кіріседі.Академиялық жазу тұрғысынан алғанда, бұл кезең ғылыми мақалалар, эсселер, рецензиялар жазу арқылы қалыптасады.

Іске асыру кезеңі.Бұл кезеңде студенттер өздерінің зерттеулерін аяқтап, ғылыми ортада өз жұмыстарын жариялауға тырысады. Бұл кезеңде ғылыми мақалалар жазу, конференцияларға қатысу, диссертациялық жұмыстар жазу сияқты нақты ғылыми коммуникациялық тәжірибесі іске асырылады.

Ғылыми коммуникациялық дағдыларын тиімді дамыту үшін белгілі бір педагогикалық шарттарды ескеру қажет.

Мотивациялық шарттар – болашақ педагогтердің ғылыми зерттеулерге деген қызығушылығын арттыру.

Мазмұндық шарттар – академиялық жазу мен зерттеу құзыреттілігін дамытатын арнайы курстар енгізу (мысалы, «Ғылыми жазу негіздері»).

Ұйымдастырушылық шарттар – студенттерді ғылыми қауымдастықтарға тарту, ғылыми конференцияларға қатыстыру.

Реттеуші шарттар – студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін бақылау және бағалау жүйесін құру.

**Материалдар мен әдістері.** Зерттеу барысында Ю.В. Рындинаның «Білім алушылардың зерттеу құзіреттілігінің қалыптасуын бағалау деңгейі» (модернизация әдісі) қолданылды. Бұл әдістеме біз қарастырып отырған ғылыми коммуникациялық дағдыларын дамыту мәселесімен тығыз байланысты, себебі ғылыми мәтін құрастыру, логикалық дәлелдемелер келтіру, зерттеу нәтижелерін сипаттау – ғылыми коммуникациялық дағдысының басты көрсеткіштері болып табылады. Әдістеме студенттердің ғылыми коммуникациялық дағдыларын анықтауға негізделген. Сонымен қатар, әдістеме болашақ педагогтердің ғылымға қызығушылығын арттыру, сауатты жазу дағдыларын дамытуға бейімдеу үшін арнайы әдістер мен стратегиялар қолдану ұсыныстарын қамтиды.

Зерттеуде сонымен бірге Ш.Ж. Алимованың «Студенттердің зерттеу іс-әрекеттерін мотивациялық тұрғыда бағалау» әдістемесі пайдаланылды. Бұл әдістеме болашақ педагогтердің зерттеушілік дағдыларын, соның ішінде мотивациялық, деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. Әдістеме негізінде болашақ педагогтерге зерттеушілік іс-әрекетке қызығушылық таныта ма?, ғылыми ортаның белсенді мүшесі болуға ұмтылысы бар ма? зерттеу іс-әрекеті

үдерісінде кездесетін түрлі педагогикалық жағдайларды шешу қабілетін қалыптастыруға арналған практикалық жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі ұсынылады. Бұл әдістемені қолдану болашақ педагогтердің ғылыми коммуникациялық дағдыларының қалыптасуына, ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығушылықтарын жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен қатар, ол қазіргі заманғы білім беру технологияларын қолдану арқылы болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын дамытуды көздейді.

**Нәтижелер және талқылау.** Педагогтерді кәсіби даярлауда ғылыми коммуникациялық дағдыларын дамыту мектепке дейінгі ұйым педагогтері үшін де аса маңызды, өйткені олар тек балалармен жұмыс істеп қана қоймай, сонымен қатар ғылыми-әдістемелік материалдар дайындау, ата-аналармен және әріптестерімен кәсіби байланыс орнату сияқты жазу дағдыларын қажет ететін қызмет түрлерімен айналысады.

И.Штайнманн (Isa Steinmann). Ол Осло Метрополитан Университетінің (Oslo Metropolitan University) Бастауыш және орта мектеп педагогтерін даярлау департаментінде (Department of Primary and Secondary Teacher Education) қызмет етеді. Ол өзінің зерттеуінде бастауыш сынып оқушыларының ғылыми коммуникациялық дағдыларын мұғалімдер қалай бағалайтынын және бұл бағалауда гендерлік айырмашылықтар қалай көрінетінін зерттейді. Ол Германияда 1-4 сынып аралығында оқушыларды бақылаған ұзақ мерзімді деректерді пайдаланып, қыздар мен ұлдардың оқу үлгерімін бағалаудағы айырмашылықтарды талдайды (Isa Steinmann, 2024).

Huahui Zhao, Thi Ngoc Yen Dang және Natalie Finlayson”Education lecturers’ expectations about writing proficiency: Insights from corpus analysis of teacher feedback on academic writing” тақырыбындағы еңбектерінде академиялық жазу дағдыларына қатысты университет оқытушыларының күткен нәтижелерін зерттеуге арналған (Huahui Zhao, et all, 2025). Авторлар университет деңгейіндегі академиялық жазу біліктілігін түсіну үшін оқытушылардың кері байланысын корпус талдау әдісімен зерттеген. Академиялық жазу дағдысын тек грамматикалық немесе лексикалық аспектілермен шектелмей, оның құрылымдық, стильдік және коммуникативтік қырларын да зерттеген. Жоғары білім беру бағдарламаларында академиялық жазуға қатысты оқытушылардың күткен нәтижелерін жүйелі түрде зерттеу қажет екенін айтады.Жазу біліктілігі әр пәннің талаптарына сай әртүрлі болатынын және жалпы тілдік курстарда бұл айырмашылықтар ескерілмейтінін алға тартады.Корпус талдау әдісін қолдану арқылы оқытушылардың жазу сапасына қатысты нақты талаптары анықталған және солардың студенттердің бағалау нәтижесіне қалай әсер ететіні көрсетілген. Мақала авторлары академиялық жазу дағдысын жақсарту үшін оқытушылардың кері байланысын тереңірек түсіну және осы негізде жазу бойынша білім берудің тиімді әдістемелерін дамыту мақсатын көздеген. Рене Тетцнер «Academic Writing Examples for a Publishable Research Article» еңбегінде рецензияланатын журналда жоғары сапалы академиялық немесе ғылыми мақала дайындау үшін қажетті жазылым формальды жазылымның

мамандандырылған түрі екендігіне мән бере отырып, жоғары сапалы академиялық немесе ғылыми мақала шығару үшін қажетті академиялық жазылымға қалай қол жеткізуге болатынын көрсетеді (Рене, 2024).

К.Е. Молдабаева академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасын зерттей келе, шетелдік жоғарғы оқу орындарының студент-теріннегізгі тезисті құрастыру және мәтін бойы назарда ұстау, өз саласы бойынша алдыңғы қатарлы еңбектер негізінде өзіндік жазу стилін дамыту, оқырманға зерттеу нәтижелерін тексеру мүмкіндігін беру, академиялық жазылымды өнер емес, дағды ретінде қарастыру талаптарына сай жазуға баулу үрдісі қалыптасқан, осы үрдіс отандық академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыру кезінде қолданылуы керек екендігін алға тартады (Молдабаева, 2023).

А.К. Жексембинованың пікірінше, Қазақстанда академиялық жазудың басқа түрі академиялық сауаттылық біліктерін кешенді дамыту жүйесіндегі арнайы бағдарламаларын жасаумен ендірудің қажеттігі анық, себебі мұндай типтес бағдарламаларсыз сәйкес нәтиже алу мүмкін емес. Өз кезегінде, бұл жұмыс қажетті әдіснамалық құралдар мен сипаттаушы терминологияны ендіруді талап етеді және бұл жүйені мамандардың өз салалары бойынша деңгейлеп ендіруін қажет ететіндігін көрсетті (Жексембинова, 2017).

Мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне қажетті ғылыми коммуникациялық дағдылары:

- Рефлексиялық жазу: Балалардың даму ерекшеліктерін бақылау күнделіктерін жүргізу.
- Әдістемелік құралдар мен сабақ жоспарларын әзірлеу: Жас ерекшеліктеріне сәйкес тиімді оқыту әдістерін сипаттау.
- Ата-аналармен жұмыс: Ақпараттық парақтар, кеңес беру хаттары және даму туралы есептер жазу.
- Ғылыми-зерттеу және кәсіби даму: Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялар мен заманауи әдістер бойынша ғылыми мақалалар жазу.




Сурет 1 - Мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне қажетті ғылыми коммуникациялық дағдылары

Анықталған жазу стратегияларын мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми коммуникациялық дағдыларын дамытуда қолдануға болады:

Метакогнитивтік стратегиялар – жоспарлау және өзін-өзі бағалау; мектепке дейінгі ұйым педагогтері үшін жоспарлау стратегиясы өте маңызды, өйткені олар күнделікті оқу қызметін тиімді ұйымдастыра білуі керек. Қолданылу барысы оқу қызметінің жоспарын алдын-ала құру, оны тәжірибеде сынап көру және рефлексия жасау. Когнитивтік стратегиялар – ақпаратты өңдеу және қолдану; балалардың даму динамикасын зерттеу үшін педагогтер деректерді талдау, қорытынды жасау және ақпаратты дұрыс ұйымдастыру дағдыларын меңгеруі тиіс. Қолданылуы: Бақылау нәтижелерін талдау, зерттеу жұмыстары бойынша есептер жазу. Риторикалық стратегиялар – логикалық құрылымдау; академиялық және әдістемелік материалдарда ақпараттың жүйелі берілуі маңызды. Қолданылуы: Балалардың даму картасын толтыру, іс-шараның мәтіндерін жазу, әдістемелік баяндамалар әзірлеу. Әлеуметтік-эмоционалдық стратегиялар – өзара тәжірибе алмасу және кері байланыс алу; мектепке дейінгі педагогтер ата-аналармен, әріптестермен және қоғамдастықпен қарым-қатынас жасауда жазу дағдыларын дамытуы керек. Қолданылуы: Ата-аналарға арналған кеңес беру хаттарын жазу, тәрбиешілер арасындағы тәжірибе алмасу журналдарын жүргізу. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларын дамыту бағыттары:

Кесте 1 - Мектепке дейінгі педагогтерінің ғылыми коммуникациялық дағдыларын дамыту бағыттары

| № | Дамыту бағыты | Мақсаты | Негізгі мазмұны | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Академиялық жазу курстарын енгізу | Педагогтерге ғылыми жазу дағдыларын қалыптастыру | Әдістемелік баяндама жазу үлгілері<br>Баланың даму есебін рәсімдеу<br>Ғылыми стиль құрылымы | Ғылыми тілде сауатты жаза алады |
| 2 | Практикалық тапсырмалар беру | Жазбаша ойды жүйелі түрде жеткізуге дағдыландыру | Рефлексиялық эссе жазу<br>Презентация безендіру<br>Әдістемелік нұсқаулықтар құрастыру | Талдауға, дәлелдеуге үйренеді |
| 3 | Өзара бағалау және кері байланыс | Пікір алмасу және кәсіби сараптама мәдениетін дамыту | Әріптестің жұмысын талдау<br>Кері байланыс беру картасы<br>Ұжымдық пікірлесу | Сыни ойлау, кәсіби қарым-қатынас дамиды |
| 4 | Тілдік қолдау көрсету | Ғылыми-әдістемелік тілдік қорын кеңейту | Ғылыми терминдер мен тіркестерді меңгеру<br>Мәтін редакциялау тренингтері<br>Глоссарийлер, шаблондар | Ғылыми жазбаша сөйлеу стилі дамиды |

Зерттеу бойынша эксперименттік жұмысқа жалпы саны 45 болашақ мектепке дейінгі ұйым педагог-тәрбиешісі қатысты. Бақылау тобында 22 білім алушы, эксперименттік топта 23 білім алушы болды. Зерттеуде Ю.В. Рындинаның



cc BY NC

«Білім алушылардың зерттеу құзіреттілігінің қалыптасуын бағалау деңгейі» мен Ш.Ж. Алимованың «Студенттердің зерттеу іс-әрекеттерін мотивациялық тұрғыда бағалау» әдістемелері пайдаланылды.

Кесте 2 - Ю. В. Рындинаның «Білім алушылардың зерттеу құзіреттілігінің қалыптасуын бағалау деңгейі» нәтижесі

| Бағалау деңгейі | Эксперимент тобы | Бақылау тобы |
|---|---|---|
| Жоғары | 34,7% | 13,6% |
| Орташа | 43,7% | 40,9% |
| Төмен | 21,6% | 45,5% |

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагог-тәрбиешілерінің зерттеу құзыреттілігінің деңгейін айқындау және эксперименттік әдістемелердің тиімділігін бағалау. Бұл мақсатқа жету үшін зерттеуге жалпы саны 45 білім алушы тартылды. Олардың 22-сі – бақылау тобына, ал 23-і – эксперименттік топқа бөлінді. Эксперименттік топқа зерттеу құзыреттілігін мақсатты дамытуға бағытталған арнайы тапсырмалар мен әдістемелік қолдаулар ұсынылды.

Болашақ педагогтардың зерттеу құзыреттілігін бағалау үшін Ю.В. Рындинаның «Білім алушылардың зерттеу құзіреттілігінің қалыптасуын бағалау деңгейі» әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеме білім алушылардың зерттеу іс-әрекетіндегі даярлығын үш деңгейде – жоғары, орташа және төмен – бағалауға мүмкіндік берді. Нәтижелер төмендегі кестеде берілген.

Салыстырмалы талдау нәтижесі эксперименттік топтың сапалық құрамында жағымды өзгерістер орын алғанын көрсетті. Атап айтқанда, жоғары деңгейдегі білім алушылардың үлесі бақылау тобына қарағанда едәуір артық, ал төмен деңгей көрсеткіші айтарлықтай аз. Бұл жағдай жүргізілген педагогикалық ықпалдың нәтижелі болғанын дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері арасындағы статистикалық байланысты анықтау мақсатында Пирсонның корреляция коэффициенті есептелді. Есептелген $r = 0.888$ ($\approx 0.89$) мәні жоғары оң корреляцияны көрсетеді, бұл бақылау және эксперименттік топтардың бағалау нәтижелері арасында айқын сызықтық байланыс бар екенін білдіреді. (Қараңыз: Сурет 2 – Эксперименттік және бақылау топтары арасындағы сызықтық байланыс).

Корреляция коэффициентінің жоғары болуы екі топтың зерттеу құзыреттілігінің дамуындағы ұқсас үрдістерді көрсетеді. Бұл өз кезегінде зерттеу барысында қолданылған әдістемелердің барлық қатысушылар үшін ықпал еткенін білдіреді. Дегенмен, эксперименттік топтағы жоғары нәтиже олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуда арнайы ұйымдастырылған педагогикалық әсердің тиімділігін нақты көрсетіп отыр. Әсіресе жобалау, зерттеу сұрағын құру, мәліметтерді талдау және нәтижені интерпретациялау сынды дағдылар бойынша ілгерілеу байқалды. Бұдан бөлек, эксперименттік топта студенттердің орташа және жоғары деңгей көрсеткіштері басым болып, төмен деңгейлі білім алушылардың үлесі екі есе дерлік азайды. Бұл факт эксперименттік әдістердің

CC BY NC

практикалық бағыттылығы мен мотивациялық ықпалын көрсетеді. Білім алушылардың зерттеу іс-әрекетіне деген қызығушылығы артып, олардың тұлғалық және кәсіби дамуына әсер ететін құзыреттері қалыптаса бастады.

Сонымен қатар, корреляциялық талдау нәтижелері бізге келесі маңызды тұжырым жасауға мүмкіндік береді: зерттеу барысында қолданылған әдістемелер екі топта да білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуда ұқсас бағытта әсер еткенмен, олардың тиімділігі эксперименттік топта айқынырақ байқалады. Бұл зерттеу жұмысында қолданылған әдістердің болашақта педагогтарды даярлау жүйесіне енгізудің маңыздылығын көрсетеді.

Қорытындылай келе, Ю.В. Рындинаның әдістемесіне негізделген зерттеу нәтижелері болашақ педагогтардың зерттеу құзыреттілігін мақсатты дамыту үшін қолданылған эксперименттік әдістемелердің тиімділігін дәлелдейді. Жоғары корреляция көрсеткіші – білім алушылардың даму деңгейлерінің өзара байланысын, ал сапалық көрсеткіштер – эксперименттік жұмыстың нәтижелілігін көрсетеді. Алдағы уақытта зерттеу дағдыларын тереңдете дамыту үшін әрбір индикатор мен дағдыны нақтылайтын, жекелендірілген әдістемелік жұмысты жалғастыру қажеттілігі анық байқалады.




Сурет 2 - Ю.В.Рындинаның «Білім алушылардың зерттеу құзіреттілігінің қалыптасуын бағалау деңгейі» әдістемесі бойынша бақылау және эксперименттік топтар арасындағы сызықтық байланыс

Корреляция коэффициентінің мәні топтар арасында күшті байланыс бар екенін көрсетсе де, кейбір индикаторлар бойынша айырмашылықтар байқалады. Мысалы, жобалау қабілеті мен ортаның әртүрлілігін жүзеге асыру қабілеттері эксперименттік топта сәл жоғары. Бұл эксперименттік әдістердің белгілі бір артықшылықтарын көрсетеді.Бұл зерттеу нәтижелері эксперименттік әдістемелердің болашақ педагогтардың қабілеттерін дамытуда тиімді екенін көрсетеді. Алайда, екі топтың нәтижелері арасындағы жоғары байланыс әдістемелерді қолдану барысында білім алушылардың қабілеттері ұқсас түрде дамып жатқанын дәлелдейді. Болашақта әр дағдыны тереңдету үшін қосымша әдістемелік жұмыстар жүргізу қажет екенін анықтай алдық.

Кесте 3 - Ш.Ж. Алимованың «Студенттердің зерттеу іс-әрекеттерін мотивациялық тұрғыда бағалау» әдістемесі бойынша тәжірибе нәтижесі

| Сауалнама сұрақтары<br><br>A – «Иә»<br>B – «Жоқ»<br>C – «Жауап беруге қиналамын» | Бақылау тобы (n=22) | | | Эксперименттік топ (n=23) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | A | B | C | A | B | C |
| 1.ЖОО-ның зерттеу жұмыстарына қатысуға қызығушылығыңыз бар ма? | 22% | 45,5% | 31,8% | 39,2% | 34,8% | 26% |
| 2.Зерттеу дағдыларын меңгеруге мүдделімін | 27,2% | 45,5% | 27,3% | 34,8% | 52,2% | 13% |
| 3.Студенттік конференцияларға, семинарларға,конкурстарға қатысуға қызығушылығыңыз бар ма? | 22,7% | 41% | 36,3% | 47,8% | 26,1% | 26,1% |
| 4.Конференцияларға, журналдарға мақала жариялауға қызығушылық танытасыз ба? | 23 % | 45% | 32% | 52% | 26% | 22% |
| 5.Зерттеу жұмысыңыздың нәтижесін талқылауға қызығушылық танытасыз ба? | 23% | 50% | 27% | 52% | 22% | 26% |
| 6.Ғылыми ортада жүруді қалайсыз ба? | 27% | 55% | 18% | 43,5% | 34,8% | 21,7% |
| 7.Шығармашылық қабілеттеріңді жүзеге асыруға қызығушылық бар ма? | 18.2% | 63,6% | 18,2% | 60,8% | 21,8% | 17,4% |
| 8.Интернет желілері арқылы маңызды ақпараттарды іздеу дағдыларын меңгергіңіз келе ме? | 22,6% | 45,4% | 32% | 52% | 22% | 26% |
| 9.Өз зерттеу жұмысымның нәтижесіне талдау жасай аламын | 13,6% | 63,7% | 22,7% | 52% | 26% | 22% |

Эксперимент барысында болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың түрлі аспектілері бойынша бақылау және эксперименттік топтар арасындағы айырмашылықтар зерттелді.




Сурет 3 – Ш.Ж. Алимованың «Студенттердің зерттеу іс-әрекеттерін мотивациялық тұрғыда бағалау» әдістемесі бойынша эксперимент нәтижесінің диаграммасы

CC BY NC

Зерттеу жұмысы барысында болашақ педагогтердің ғылыми-зерттеу іс-әрекеттеріне деген мотивациялық бағыттылығын анықтау мақсатында Ш.Ж. Әлімованың «Студенттердің зерттеу іс-әрекеттерін мотивациялық тұрғыда бағалау» әдістемесі қолданылды. Бұл әдіс студенттердің зерттеушілік қабілеттері мен мотивациясының түрлі қырларын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Экспериментке барлығы 45 студент қатысты, оның ішінде бақылау тобында – 22, эксперименттік тобында – 23 студент. Сауалнама 9 сұрақтан тұрып, жауаптар үш нұсқада ұсынылды: А – «Иә», В – «Жоқ», С – «Жауап беруге қиналамын». Сауалнама нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері әрбір топ үшін жеке есептелді. Талдау нәтижесінде эксперименттік топтағы студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекеттеріне деген қызығушылығы бақылау тобымен салыстырғанда анағұрлым жоғары екені байқалды. Атап айтқанда, «Ғылыми ортада жүруді қалайсыз ба?» сұрағына бақылау тобында «Иә» деп жауап бергендер – 27%, ал эксперименттік топта – 43,5% болды. Сол сияқты, «Студенттік конференцияларға қатысуға қызығушылығыңыз бар ма?» сұрағына бақылау тобынан 22,7% ғана қызығушылық танытса, эксперименттік топта бұл көрсеткіш 47,8%-ға жетті.

Корреляциялық талдау нәтижесі көрсеткендей, зерттеуге қатысуға деген қызығушылық пен ғылыми жарияланымдарға ұмтылыс арасында (4-сұрақ) тығыз өзара байланыс бар ($r=0,82$, $p<0,01$). Бұл студенттердің ішкі мотивациясы мен ғылыми ортадағы белсенділікке ұмтылысы арасында жоғары дәрежелі байланыс бар екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, «Өз зерттеу жұмысымның нәтижесіне талдау жасай аламын» және «Маңызды ақпараттарды интернет арқылы іздеу дағдыларын меңгергім келеді» сұрақтары арасындағы өзара байланыс деңгейі де жоғары болды ($r=0,76$), бұл зерттеушілік рефлексия мен ақпараттық сауаттылық арасында логикалық сабақтастық бар екенін көрсетеді.

Эксперименттік топтағы студенттердің 80%-ы ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне оң көзқарас танытқаны байқалды, ал бақылау тобында бұл көрсеткіш небәрі 50% құрады. Бұл айырмашылық студенттердің зерттеу мотивациясын арттыруға бағытталған арнайы іс-шаралар мен бағдарламалардың тиімділігін растайды. Жалпы қорытындылай келе, студенттердің зерттеушілік мотивациясын арттыруда келесі ұсыныстар беруге болады:

- ғылыми конференциялар мен форумдарға қатысуды ынталандыру;
- практикалық семинарлар мен тренингтер арқылы зерттеу дағдыларын қалыптастыру;
- студенттерді ғылыми клубтар мен қауымдастықтарға белсенді тарту;
- шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған жобалық жұмыстар ұйымдастыру.

Осылайша, ұсынылған әдістеме студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына деген мотивация деңгейін анықтап қана қоймай, кәсіби құзыреттілігін жетілдіру бағытында мақсатты жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

**Қорытынды.** Зерттеу барысында алынған нәтижелер болашақ мектепке


BY NC

дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми коммуникациялық дағдыларын қалыптастыру қазіргі заманғы білім беру жүйесінің өзекті бағыттарының бірі екенін айқын көрсетті. Ғылыми коммуникация – педагог-зерттеушінің кәсіби құзыреттілігінің негізгі көрсеткіші ретінде академиялық мәтін жазу, логикалық дәлел келтіру, зерттеу нәтижелерін сипаттау, ғылыми ортада пікір алмасу және ғылыми-әдістемелік тілмен сауатты сөйлеу қабілеттерінің жиынтығын білдіреді. Болашақ педагогтің ғылыми коммуникациялық дағдыларын дамыту тек жеке кәсіби өсуге емес, сонымен қатар мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға да тікелей әсер етеді.

Зерттеу шеңберінде Ю.В. Рындина мен Ш.Ж. Алимова ұсынған әдістемелерді қолдану арқылы болашақ педагогтердің зерттеу құзыреттілігі мен ғылыми танымдық мотивациясының деңгейі анықталды. Эксперименттік топта жүргізілген арнайы педагогикалық ықпал – академиялық жазу курстары, метакогнитивтік, когнитивтік және риторикалық стратегияларға негізделген жаттығулар, өзара бағалау және кері байланыс жүйесі – білім алушылардың ғылыми-коммуникациялық дағдыларын тиімді дамытуға ықпал етті. Эксперимент нәтижелері көрсеткендей, ғылыми жазу мен зерттеу әрекетіне қызығушылық артып, студенттердің жоғары деңгейлі рефлексия мен дербес ғылыми пайым жасау қабілеттері қалыптасты. Зерттеу нәтижесінде қалыптастырылған ғылыми коммуникацияның компоненттік құрылымы (теориялық-методологиялық, операционалды-технологиялық, құндылық-мағыналық, эмоционалды-мотивациялық, рефлексивті-бағалау) болашақ педагогтерге арналған әдістемелік дайындықтың мазмұнын жүйелеуге мүмкіндік берді. Бұл компоненттер ғылыми коммуникациялық дағдыларды кезең-кезеңімен және мақсатты түрде дамытудың негізіне айналады. Атап айтқанда, аналитикалық кезеңде студенттер зерттеу мәселесін анықтау мен деректерді талдау дағдыларын меңгерсе, құндылықтық кезеңде ғылыми пайымдаудың маңыздылығын түсінеді; жобалау кезеңінде зерттеу жұмысын жоспарлау қабілеті қалыптасып, іске асыру кезеңінде нақты академиялық өнімдер жасау арқылы ғылыми ортаға ену мүмкіндігі туады.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби қызметінде ғылыми коммуникациялық дағдылардың қолданылу аясының кең екенін көрсетті. Оған, мысалы, балалардың дамуын тіркейтін бақылау күнделіктерін жүргізу, ата-аналарға арналған ақпараттық жазбалар даярлау, әдістемелік құралдар құрастыру және ғылыми-әдістемелік басылымдарға мақала жариялау сияқты түрлі жазу әрекеттері жатады. Бұл қызмет түрлерінің тиімді жүзеге асуы үшін педагогтердің академиялық сауаттылығы мен ғылыми тілде ой қорыта білуі – басты алғышарт.

Корреляциялық талдаулар мен сандық деректер де ұсынылған әдістемелер-дің тиімділігін айғақтай түседі. Пирсонның корреляция коэффициенті ($r = 0.89$) зерттеу құзыреттілігі мен мотивациялық деңгей арасындағы тығыз байланысты көрсетсе, сапалық талдау эксперименттік топтағы білім алушылардың ғылыми әрекетке белсенді қатысқанын дәлелдеді. Мұның өзі ғылыми коммуникациялық

дағдыларды дамытуда мақсатты педагогикалық стратегиялардың қажет екенін нақтылай түседі.Осыған орай, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлау жүйесіне келесі ұсыныстар енгізілуі қажет:

- академиялық жазу және ғылыми коммуникация негіздері бойынша міндетті курстар енгізу;
- студенттердің жазу дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық семинарлар мен тренингтер өткізу;
- ғылыми қауымдастықтарға қатысу мүмкіндіктерін арттыру;
- әдістемелік жазу түрлеріне арналған нақты үлгілер мен шаблондарды оқу процесіне енгізу.

Қорыта айтқанда, ғылыми коммуникациялық дағдылар – болашақ педагогтің кәсіби біліктілігін қалыптастыратын және үздіксіз дамытатын маңызды құзыреттілік. Бұл дағдылар педагогтің тек ғылыми ортада ғана емес, білім беру жүйесінің барлық салаларында тиімді әрекет етуіне негіз болады. Сондықтан, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына ғылыми коммуникацияны жүйелі түрде енгізу – педагогикалық кадрлардың сапалы даярлығы мен еліміздегі мектепке дейінгі білім беру саласының дамуындағы стратегиялық басымдықтардың бірі болуы тиіс.

**Әдебиет**

Педагогтің кәсіби стандарты Жалпы ережелер. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2022 жылғы 19 желтоқсандағы №31149 бұйрығына қосымша. https://atameken.kz/uploads/content/files/

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі, №406 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029836

«Педагог мәртебесі» туралы ҚР Заңы 2019 ж 27 желтоқсан. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысы 2023 жылғы 22 маусым akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959

Barrass, R. Scientists must write. A guide to better writing for scientists, engineers and students. Routledge [Text]. — London, 2003. — 119 p.

Hyland, K. Writing in the university: Education, knowledge and reputation [Text]. Language Teaching. — 2013. — 46 (1). — P. 53-70.

Charles Bazerman. Inscribing the World into Knowledge: Data and Evidence in Disciplinary Academic Writing.https://wac.colostate.edu/docs/books/wrab2017/bazerman.pdf

Ю.В. Рындина Формирование исследовательской компетентности будущего учителя в процессе профессиональной подготовки. Человек и образование 2011. — №3 (28), — С. 183-185.

Е.Оспанов Академиялық жазылым [Мәтін]. «Экономика» баспасы, — 2018. — 112 б.

А.Қажыәкпар, Г.Түсіпова, Н.Қожабек, Д.Абдуллаева Академиялық мәтін жазу шеберханасы Қазақстандық қоғамдық даму институты, . — Астана: 2024. — 8-10 бет.

Isa Steinmann; Ane NærdeThe relative age effect on teacher-rated academic competence: a study among early primary school students 2025-02-03 | Journal article | Author DOI: 10.1080/00313831.2025.2459402

Huahui Zhao, Thi Ngoc Yen Dang, Natalie Finlayson.Education lecturers' expectations about writing proficiency: Insights from corpus analysis of teacher feedback on academic writing.https://doi.org/10.1016/j.jslw.2024.101173 Get rights and content. https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1060374324000808

Rene,T. Academic Writing Examples for a Publishable Research Article. [Electronic resource].– https://www.proof-reading-service.com/en/blog/academicwriting-examples-publishable-research-article/

К.Е. Молдабаева. Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы: философия д-р (PhD)...дис. — Алматы: 2023. — 41 б.

А.К. Жексембинова. Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтардың зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру: филос.ғыл.докт.. (PhD)дис. — Алматы: 2017. — 74 б.

**References**

Pedagogtin kasibi standarty. Zhalpy erezheler. «Atameken» [Professional standards of a teacher General rules. "Atameken"] Qazaqstan Respublıkasy Ulttyq kasipkerler palatasynyn Basqarma toragasy (2022) zhylgy 19 zheltoksandaghy №31149 buiryghyna qosymsha. https://atameken.kz/uploads/content/files./(In Kazakh).

«Mektepke deyingi tarbie men oqytudyn, bastauysh, negizgi orta, zhalpy orta, tekhnikalyq zhane kasiptik, orta bilimnen keiyingi bilim berudin memlekettik zhalpygha mindetti standartyryn bekitu turaly» ["On approval of state mandatory standards for preschool education and training, primary, basic secondary, general secondary, technical and vocational, and post-secondary education"] Qazaqstan Respublıkasy Oqu-agartu ministrinin (2022) zhylgy 3 tamyzdagy №348 buiryghyna ozgerister engizu turaly Qazaqstan Respublıkasy Oqu-agartu ministrinin (2022) zhylgy 23 qyrkuiyektegi №406 buiryghy. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029836. (In Kazakh).

"Pedagog martebesi" turaly QR Zangy [Law of the Republic of Kazakhstan on «Status of a Teacher»]. (2019) zhyl 27 zheltoksan. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293.(In Kazakh).

Qazaqstan Respýblıkasynda zhogary bilimdi zhane gylymdy damytudyn 2023–2029 zhyl-dargha arnalghan tuzhyrymdamasy [Concept of the development of higher education and science in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029.] QR Ukimetinin (2023) zhylgy 28 nauryzdaghy №248 qaulysy. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248.(In Kazakh).

Zhogary zhane zhogary oqý orynynan keiyingi bilim berudin memlekettik zhalpygha mindetti standarty.[State mandatory standards for higher and postgraduate education,] QR Gylym zhane zhogary bilim ministrinin (2022) zhylgy 20 shildedegi №2 buiryghy. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916.(In Kazakh).

QR Ukimetinin (2021) zhylgy 15 nauryzdaghy №137 qaulysymen bekitilgen. Mektepke deyingi tarbieleý men oqytýdy damytý modeli [Preschool education and training development model] https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137.(In Kazakh).

Memleket bashysy Qasym-Zhomart Toqaevtyn Ulttyq quryltaidyn "Adiletti Qazaqstan – Adal azamat" atty ekinshi otyrysinda soilegen sozi.[Head of State Kassym-Jomart Tokayev's speech at the National Congress "A Fair Kazakhstan - an Honest Citizen"] (2023) zhylgy 22 mausym.https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959.(In Kazakh).

Barrass, R. (2003) Scientists must write. A guide to better writing for scientists, engineers and students. Routledge [Text]. — London, — 119 p. (in Eng)

Hyland, K. (2013) Writing in the university: Education, knowledge and reputation [Text]. Language Teaching. — 46 (1). — 53-70 p. (in Eng)

Bazerman, (2017) Charles. Inscribing the World into Knowledge: Data and Evidence in Disciplinary Academic Writing. https://wac.colostate.edu/docs/books/wrab bazerman.pdf (in Eng)

Ryndina, Yu.V. (2011). Formirovanie issledovatelskoy kompetentnosti budushchego uchitelya v protsesse professionalnoy podgotovki. Chelovek i obrazovanie. — №3 (28). — P. 183-185. (in Rus)

Ospanov, E. (2018). Akademiyalyk zhazylym [Mätin] [Academic subscription [Text] "Ekonomika" baspasy — 112 p. (In Kazakh).

Qazhyakpar A., Tusipova G., Kozhabek N., Abdullaeva D. (2024). Akademiyalyk mätin zhazu sheberkhanasy[Akademiyalyk mätın zhazu sheberkhanasy]. Qazaqstandyk qoǵamdyq damu institýty. — Astana. – P. 8-10t.(In Kazakh).

Steinmann I., Naerde A. (2025). The relative age effect on teacher-rated academic competence: a study among early primary school students. 02-03 | Journal article | DOI: 10.1080/00313831.2025.2459402 (in Eng)

Zhao H., Dang T.N.Y., Finlayson N. (2024). Education lecturers' expectations about writing proficiency: Insights from corpus analysis of teacher feedback on academic writing. https://doi.org/10.1016/j.jslw.101173 (in Eng)

Rene T. (2024). Academic Writing Examples for a Publishable Research Article. [Electronic resource].–https://www.proof-reading-service.com/en/blog/academicwriting-examples-publishable-research-article/ (in Eng)

Moldabaeva K.E. (2023). Akademiyalyk zhazylym turlerin modeldeýdin teoriyasy men praktikasy [Theory and practice of modeling academic subscription types:] filosofiia d-r (PhD)... dissertatsiyasy. — Almaty: — 41 bet. (In Kazakh).

Zheksembinova A.K. (2017). Universitettik bilim berý zhuiyesinde bolashaq äleýmettik pedagogtardyn zertteýshilik quzireттiligin qalyptastyrý [Formation of research competence of future social educators in the university education system]: filosofiyalyq gylymdar doktory (PhD) dissertatsiyasy. — Almaty: — 74 p. (In Kazakh).

**Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www.elsevier.com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will onh accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**www: nauka-nanrk.kz**

**ISSN 2518–1467 (Online),**

**ISSN 1991–3494 (Print)**

***http://www.bulletin–science.kz/index.php/en***

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш.Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д.Жадыранова*

Подписано в печать 20.06.2025.

Формат 60х881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

46,0 п.л. Тираж 300. Заказ 3.

---

*РОО «Национальная академия наук РК»*

*050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-19*